

Мердің
орны

Қорытынды аттестаттау емтихан материалдары
Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту қазақ тілінде емес)
Бағыты: Оқу жүктемесі төмендетілген
Білім беру ұйымының атауы: _____
Сынып: 9 Литер: ____
Білім алушылардың аты жөні: _____

**Жалпы білім беретін мектептерге арналған
қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қорытынды аттестаттау
9-сынып
2-нұсқа**

1-тапсырма. Төменде берілген мәтінді оқыңыз.

Қазақ халқының халық күнтізбесі

Адамзат тарихында күнтізбенің орны ерекше. Күнтізбе күн, ай, жыл, ғасыр оқиғаларын дұрыс есептейтін, мәдени құбылыс. Ол адам-қоғам-табиғат үштігі арасындағы үйлесімді реттеп, өмірдегі діни, қоғамдық, шаруашылық оқиғаларды тарихта таңбалап тұратын мәдениет үлгісі. Түркі халқы жыл мезгілін маусымға бөліп, «күнтізбе» ұғымын қалыптастырды. Қазақ күнтізбесі—астрономиялық түсініктер мен білімдер жинағы. Қазақ күнтізбесінде табиғат құбылыстарын бақылаудан туған халық тәжірибелері жинақталған. Табиғат құбылыстарының қайта айналып келіп отыруын, күн мен түннің, жыл мезгілдерінің (жаз, қыс, күз, көктем), айдың тууы мен батуын қадағалап отыру маңызды болды. Сонымен қатар, жұлдыздардың орналасу тәртібін, мұқият бақылау халық үшін орасан зор шаруа еді. Қазақтар өзінің байырғы күнтізбесі арқылы жайлауға қай уақытта көшу, күзеуге және қыстауға қай уақытта қайту, қой мен қозыны қырқу, соғым сою, егін егу, шөп шабу, т.б. шаруашылық жұмыстарын белгілеп отырды. Бұл есептен жаңылу шаруашылық үшін қауіпті болды.

Халық арасында ауа райын болжайтын жұлдызшылар болды. Уақыт есебімен шұғылданатын арнайы есепшілердің білім-тәжірибелері атадан балаға мирас болып қалып отырды. Есепшілер көптеген ұрпақтардың білім тәжірибесін жинақтады. Қазақ есепшілері жыл айларын дұрыс есептеу үшін Айдың қозғалысын бақылап отырды. Жыл сайын табиғат құбылыстарына бақылау жүргізіп, күн райын болжады. Олар қазақ күнтізбесінің есебін жүргізді. Жыл мезгілінің қандай болатынын болжап айтып, жорамал жасады. Күн райын елге хабарлап отырды.

Қазақ халқы ғаламшарларды, жұлдыздарды жақсы білетін. Осымен қатар қазақ қауымы планеталарды, жұлдыздарды жаңылыспай таныған. Қазақтардың аспан денелеріне қойған аттары мал бағушылық өмірімен байланысты. Жұлдызды аспан картасын олар Темірқазықтан бастады. Темірқазық—қазақтардың түнде жол жүргенде астрономиялық компасы іспетті болды. Бір жылды он екі айға, айды үш ондыққа (отыз күнге) бөлген. Қазақтар уақыт есебін осы мүшел жылы бойынша жүргізді. Ерте заманнан келе жатқан мүшел жылы есебінің қазақ өмірінде үлкен мәні болды. Әрбір жыл хайуан атымен: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз деп аталды. Байырғы қазақ күнтізбесінде он екі айды бір жылға, үш айды бір тоқсанға, жеті күнді бір аптаға, бір күн мен бір түнді бір тәулікке есептеді. Әр айдың өз аттары болды: наурыз, сәуір (көкек), мамыр, маусым, шілде, тамыз,

қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан. Байырғы қазақ күнтізбесінде жыл басы көктемдегі күн мен түннің теңелуі (жиырма екінші наурыз) күнінен басталады. Бұл күні жаңа жыл – наурыз мейрамы өткізілді. Байырғы заманнан өмір тәжірибесіне негізделген күнтізбе бүгінге дейін қолданылуда. (350 сөз)

1- Мәтіннен мына сөздердің сәйкес мағыналарын табыңыз.

Санайтын - _____ [1]

Жұрт - _____ [1]

Ежелден - _____ [1]

Маңызы- _____ [1]

Пайдалануда - _____ [1]

Барлығы: [5 балл]

2-тапсырма. Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз.

Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз.

Мысалы: Адамзат тарихында күнтізбенің орны ерекше.

Күнтізбенің _____ [1]

Жауабы: Күнтізбенің адамзат тарихында маңызы зор.

1. Күнтізбе күн, ай, жыл, ғасыр оқиғаларын дұрыс есептейтін, мәдени құбылыс.

Күн _____

_____ [1]

2. Түркі халқы жыл мезгілін маусымға бөліп, «күнтізбе» ұғымын қалыптастырды.

Жыл мезгілін _____

_____ [1]

3. Қазақ күнтізбесінде табиғат құбылыстарын бақылаудан туған халық тәжірибелері жинақталған.

Табиғат құбылыстарын _____

_____ [1]

4. Халық арасында ауа райын болжайтын жұлдызшылар болды.

Ауа райын _____

_____ [1]

5. Қазақ есепшілері жыл айларын дұрыс есептеу үшін Айдың қозғалысын бақылап отырды.

Жыл айларын _____

_____ [1]

6. Жыл сайын табиғат құбылыстарына бақылау жүргізіп, күн райын болжады.

Табиғат _____

_____ [1]

7. Қазақтардың аспан денелеріне қойған аттары мал бағушылық өмірімен байланысты.

Аспан денелеріне _____

_____ [1]

8. Байырғы қазақ күнтізбесінде жыл басы көктемдегі күн мен түннің теңелуі күнінен басталады.

Жыл басы _____

_____ [1]

9. Бұл күні жаңа жыл – наурыз мейрамы өткізілді.

Наурыз _____

_____ [1]

10. Байырғы заманнан өмір тәжірибесіне негізделген күнтізбе бүгінге дейін қолданылуда.

Күнтізбе _____

_____ [1]

Барлығы: [10+5=15 балл]

3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Мүмкіндігінше, өз сөзіңізбен жауапберуге тырысыңыз.

1. Қазақ күнтізбесі деген не?

_____ [1]

2. Жұлдызшылардың қандай мақсаты болды? Кем дегенде 2 мақсатын көрсетіңіз.

1. _____ [1]

2. _____ [1]

3. Қазақтар ауа райын қалай болжап анықтаған? 2 дәлелді жазыңыз.

1. _____ [1]

2. _____ [1]

Барлығы: [5+5=10 балл]

**Жалпы білім беретін мектептерге арналған
қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қорытынды аттестаттау
9-сынып
2-нұсқа**

Нақты балл қою кестесі

Тапсырма	Сұрақ	Жауабы	Балл	Қосымша ақпарат
1	1	Есептейтін	1	Ұсынылған сөздерге балама сөздер дұрыс жауапқа қабылданбайды. Сөздерде жіберліген орфографиялық кателер үшін балл санышегерілмейді.
	2	Халық	1	
	3	Ерте заманнан	1	
	4	Мәні	1	
	5	Қолданылуда	1	
2	1	Күн, ай, жыл, ғасыр кезеңдерін дұрыс санайтын, мәдени ұғым-күнтізбе.	1	Білім алушы сөздердің орнын ықтимал жауаптардан бөлек өзгерте алады, бастысы ой мен сөйлем құрылымы сақталуы қажет. Жауаптардың ұсынылған жауаптарға жуық болуын ескеру қажет.
	2	Жыл мезгілін маусымға бөліп түркілер «Күнтізбе» түсінігін ойлап тапты.	1	
	3	Табиғат құбылыстарын қадағалауынан пайда болған халықтың тәжірибесі қазақ күнтізбесінде жинақталған.	1	
	4	Ауа райын болжайтын ел ішінде есепшілер болды.	1	
	5	Жыл айларын дұрыс санау үшін жұлдызшылар Айдың қозғалысын қадағалады.	1	
	6	Табиғат құбылыстарын бақылап, жыл сайын ауа райын жорамалдады.	1	
	7	Аспан денелеріне қазақ халқы қойған атаулар мал шаруашылығымен байланысты.	1	
	8	Жыл басы ертеде қазақ күнтізбесінде көктемдегі күн мен түннің теңелуі күнінен басталады.	1	
	9	Наурыз мерекесі–жаңа жыл осы күні тойланды.	1	
	10	Күнтізбе ертеден бүгінгі күнге дейін пайдаланып келеді.	1	
<i>Тіл сапасы үшін қосымша бес балл беріледі</i>			5	
3	1	Қазақ күнтізбесі –астрономиялық түсініктер мен білімдер жинағы.	1	Білім алушының мәтін ақпаратын қолданып
	2	1. Айдың қозғалысын бақылап отырды.	1	

		2. Табиғат құбылыстарына бақылау жүргізіп, күн райын болжады.	1	өз сөзімен жазған жауаптары қабылданады.
	3	1. Күнтізбе күн, ай, жыл, ғасыр оқиғаларын дұрыс есептейтін, мәдени құбылыс. 2. Күнтізбе адам-қоғам-табиғат арасын реттеп, өмірдегі діни, қоғамдық, шаруашылық оқиғаларды тарихта таңбалап тұратын мәдениет үлгісі.	1 1	Бірақ жауаптар ұсынылған жауаптарға жуық болуын ескеру қажет
<i>Тіл сапасы үшін қосымша бес балл беріледі</i>			5	
Барлығы			30	